

Иманбаева С.С.¹, Сандықбаева Ө.Д.²

¹қауымдастырылған профессор, доцент Қазақ ұлттық аграрлық университеті
«Қазақстан тарихы және Қазақстан халықтарының мәдениеті кафедрасы»,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: sabira.imanbaeva@mail.ru

²философия ғ.к., аға оқытушы, Қазақ ұлттық университеті, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті,
Қазақстан, Алматы, e-mail: sandykbaeva@mail.ru

**КЕҢЕСТІК БИЛІК ТҰСЫНДАҒЫ
М. ДУЛАТОВТЫҢ САЯСИ ҰСТАНЫМЫ**

Мақалада Міржақып Дулатовтың Кеңес өкіметі тұсындағы сан-қырлы еңбегі қарастырылады. Міржақып Дулатов туған халқына бостандық, теңдік әперіп, өркениетті елдердің қатарына қосу мақсатында өзінің ғұмырын, азаматтық күш-жігерін, ақыл-білімін, бар адамдық қасиетін арнаған қайраткер.

М.Дулатов – халқын қандай өкімет басқарғанына қарамастан, ұлт патриоты болғанын оның Кеңес үкіметі тұсындағы ерен еңбегі көрсетеді. 20-30 жылдары Қазақ ұлтының мүддесін көздеп, қызмет атқару оңай болған жоқ. М.Дулатов сынды ұлт зиялыларының, істеген қызметтеріне большевиктер сенімсіздік танытып, жөнсіз тиісу, аңду, ал кейде нағыз қуғын-сүргін ұйымдастырды. Соған қарамастан, бұл жылдары М.Дулатов ұлтының болашағын көздеп, өзінің талантын, ақыл-білімін, ерік-күш, жігерін халқының рухани көтерілуіне арнады. Ол халық ағарту саласында әр түрлі жауапты қызметтер атқарды.

Мақалада М.Дулатовтың ұлттық баспасөздің қаламы ұшқыр, ойы терең, тілі кестелі публицист-журналист ретінде “Ақ жол”, “Еңбекші қазақ”, редакцияларында жемісті қызмет атқарған кезеңі, қазақ совет баспасөзінің дамуына, журналистикасының жас мамандарын даярлауға, олардың кәсіби шеберлігінің ұшталуына сүбелі үлес қосқан қайраткерлігі талдауға алынады.

Түйін сөздер: журналистика, публицист, зиялылар, ұлт, кеңес, азаттық, алаш, идея, идеология, теңдік, большевик, баспасөз, ұстаным.

Imanbaeva S.S.¹, Sandykbaeva U.D.²

¹associate professor, Kazakh National Agrarian University, Department of History of Kazakhstan and the culture of the peoples of Kazakhstan, Kazakhstan, Almaty, e-mail: sabira.imanbaeva@mail.ru

²Ph.D., Senior Lecturer, Kazakh National University, Faculty of Pre-University Education, Kazakhstan, Almaty, e-mail: sandykbaeva@mail.ru

The political position of M. Dulatov in the Soviet era

This article is devoted to the activities of a prominent public figure, academic enlightener, writer and publicist Myrzhakyp Dulatov, whose name for a long time was undeservedly erased from the memory of the people. It analyzes the multifaceted activities of M. Dulatov in the initial period of the Soviet state.

In the introduction, the relevance of the problem is justified, the degree of its knowledge is revealed, the sources used in the work are described, and the purpose and objectives of the study are defined.

The article discusses various, not previously used archival documentary sources, as well as articles by M. Dulatov himself.

In this work, for the first time, not only social and educational activities are comprehensively investigated, but also the work of a scientist as a teacher in the field of public education, the purpose of which was to fight for the elimination of illiteracy. The analysis of his organizational activities in the development of Kazakh culture, folk art is determined by the contribution to the development of Kazakh journalism as a talented publicist, especially in the creation of such print publications as «Ak Zhol» and «Enbekshi Kazak».

The whole life of M. Dulatov was devoted to enlightenment and political activity, he fought for the good of the Kazakh people for the independence and the formation of a Kazakh democratic state.

Key words: journalism, publicist, intelligentsia, nation, Alash, independence, idea, Bolshevik, ideology, freedom of speech, attitude, equality.

Иманбаева С.С.¹, Сандыкбаева У.Д.²

¹доцент, Казахский национальный аграрный университет, кафедра истории Казахстана и культуры народов Казахстана, Казахстан, г. Алматы, e-mail: sabira.imanbaeva@mail.ru

²кандидат философских наук, старший преподаватель, Казахский национальный университет, факультет довузовского образования, Казахстан, г. Алматы, e-mail: sandykbaeva@mail.ru

Политическая позиция М. Дулатова в советское время

Данная статья посвящена деятельности видного общественного деятеля, ученого, просветителя, писателя и публициста Мыржакыпа Дулатова, чье имя в течение длительного времени было незаслуженно вычеркнуто из памяти народа. В ней анализируется многогранная деятельность М. Дулатова в начальный период Советского государства.

Во введении обоснована актуальность проблемы, раскрыта степень ее изученности, охарактеризованы источники, используемые в работе, определены цель и задачи исследования.

В статье рассматриваются различные, не использованные ранее архивные документальные источники, а также статьи самого М. Дулатова.

В работе впервые всесторонне исследуются не только общественно-просветительская деятельность, но и работа ученого как педагога в области народного просвещения, целью которого была борьба за ликвидацию безграмотности. Осуществлен анализ его организационной деятельности в сфере развития казахской культуры, народного искусства, определяется вклад в развитие казахской журналистики как талантливейшего публициста, особенно в формировании таких печатных изданий как «Ак жол» и «Енбекши казак».

Вся жизнь М. Дулатова была посвящена просветительству и политической деятельности, он боролся во имя блага казахского народа за независимость и становление казахского демократического государства.

Ключевые слова: журналистика, публицист, интеллигенция, нация, Алаш, независимость, идея, большевик, идеология, свобода слова, позиция, равенства.

Кіріспе

Тоталитарлық жүйе өзінің «қанды шеңгеліне» түсіріп, есімдерін халық жадынан шығарып, тарих көшінен біржола аластатуға тырысқанына қарамастан Алаш зиялыларының қазақ елінің түпкілікті қоғамдық мәселелері жөнінде айтқан негізгі ой-пікірлерінің бүгінгі таңда қайта жаңғыруының куәсі болып отырмыз.

Алаш зиялыларының қатарында Міржакып Дулатовтың (1885-1935) алатын орны ерекше. Ол – халқын сүйген патриот, аса көрнекті қоғам қайраткері, ағартушы-ғалым, жазушы және публицист.

М. Дулатов – өте күрделі ғұмыр кешкен тұлға. М. Дулатов сынды патриот ұлтжанды қайраткердің қызметін шынайы, объективті бағалау бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның жастарын патриотизмге, ұлттық рухта тәрбиелеу үшін аса қажет.

Қазіргі таңда еліміздің Алаш қозғалысы тарихын, оның белсенді қайраткерлерінің өмір жолын білуге деген жаппай құлшынысы, бұл қозғалыстың идеялары өмірлік негізінің өміршендігінен, сондай-ақ халықтың сана-сезі-

мінің жаңа сапаға көтерілуінен, оның өзінің жүріп өткен тарихи жолына деген қызығушылығының арта түсуінен туындап отыр. Сонымен бірге қазіргі уақытта тарих ғылымында жалпы бұқара халықтың ғана емес, жеке тұлғалардың да ғұмырнамасына сұраныс өсіп отыр.

Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі Кеңес дәуірінде тар шеңберде таптық партиялық тұрғыдан қаралғаны баршамызға мәлім. Кеңестік тарихнамада ұлт-азаттық қозғалыс көсемдерінің өмір жолын зерттеу мүмкін болмады, ал зерттеле қалған күннің өзінде тарихи шындықтан алшақ, бұрмаланып жазылды. Оның есесіне социализмнің салтанат құруына үлкен үлес қосып, коммунистік партияның ісіне шын берілген «тұлғалардың» қоғамдық-саяси қызметін зерттеуге жол ашылды. Сондықтан да алаш қайраткері М. Дулатовтың қоғамдық қызметін талдауда біржақты теріс пікір қалыптасты. Зерттеушілер оның қызметіне «буржуазияшыл-ұлтшыл», «контрреволюцияшыл», «халық жауы» деген баға берді. Мұндай тұжырым М. Дулатовқа қатысты кеңестік зерттеулердің барлығына ортақ болды.

Алаш зиялылары туралы пікір Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде ғана объективті түрде жазылып, ғылыми жүйеге түсіп зерттелуде. Бүгінгі ұрпақ үшін ұлт зиялыларының қандай ауқымды тарихи міндетті орындағаны енді ғана белгілі болып отыр.

Тарихтың өзі Алаш қозғалысы идеясының өмірлік негізі күшті екендігін айқындап берді. Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов сынды ұлт зиялыларының арман-мақсаттарының орындалғанына бүгінде тарих куә, олар халқының азаттық алғанын көре алмаса да, оның күні туатынына сенімдері күшті болды. Алаш зиялыларының қайраткерлік тұлғалары осы тұтастығымен, өз ерік-жігерін, күшін халық ісіне сарқа жұмсауымен ерекшеленеді. Олардың идеяларының өзектілігін, құндылығын, өміршен идея екендігін бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің болмысы толық айқындайды.

Ғасырымыздың басында қазақ қоғамының жетекшісі, қолбасшысы болған зиялылар шоғырының қатарында М. Дулатов та халқына бостандық әперуге, тұрмыс жағдайын өзгертуге, өркениет биігіне көтеруге бар ғұмырын арнаған.

М. Дулатов сияқты ірі тұлғаның өмір жолын, қызметі мен қоғамдық саяси көзқарасын талдауға арналған зерттеу жұмысының ол өмір сүрген тарихи кезеңдегі халқымыздың тарихына қатысы бар көптеген мәселелердің тарихын айқындайды.

Методологиясы

Зерттеудің методологиялық және теориялық негізіне – қоғамдық ой-пікірді қалыптастырған, соның ішінде ағартушылық бағыттағы көрнекті тұлғалардың өмірі мен қызметін зерттеуде қалыптасқан жаңа концепциялар мен ой-тұжырымдар алынды. Сондай-ақ, тарихи-логикалық, тарихи-компаративистикалық, герменевтикалық әдістер қолданылды. Алаш зиялыларының ағартушылық, азаттық, еркіндік идеяларына тарихи тұрғыдан баға беріліп, сыни ойлау мен салыстырмалы әдістер жүзеге асырылды. Кеңестік жүйеге, коммунистік идеологияға қатысты соңғы қалыптаса бастаған ғылыми тұжырым концепцияларды ескере отырып, тарихи талдау, салыстыру әдісін қолдану арқылы қайраткер өмір сүрген және қызмет жасаған күрделі тарихи кезеңнің ерекшелігі қамтылды.

Салыстырмалы-тарихи талдау әдістері арқылы Алаш зиялыларының азаттық идеясының құндылығы бүгінгі біздің құндылықтарымызбен, болмысымызбен байланыстырылды.

Зерттеу еңбегінің нәтижелерін ұлт-азаттық қозғалыс тақырыбына арналған зерттеу еңбектеріне, тұлғалардың ғұмырбаяны бойынша жазылған еңбектерде, жоғары оқу орындарында «Тұлғатану», «Патриотизм» тақырыбына арналған ғылыми-танымдық кештерде пайдалануға болады.

Кеңес билігі тұсындағы ұстанымы, қоғамдық-ағартушылық қызметі арнайы қарастырылып, қазақ мәдениетін, өркендетудегі ұйымдастырушылық еңбегі талантты публицист-журналист ретінде қазақ баспасөзін, мәдениетін, дамытуға қосқан үлесі жаңа құжаттық деректер, мақалалар, естеліктер негізінде талдауға алынды.

Міржақып Дулатов идеясы: талдаулар мен көзқарастар

Егемендік алып, жеке мемлекет ретінде тәуелсіздігімізді жариялағаннан кейін еліміздің алдында тұрған басты міндет-тәуелсіздікті сақтап, мемлекеттілігімізді нығайту. Ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың армандап келген ұлт бірлігін нығайту, ел тыныштығын, жер тұтастығын сақтап оны нығайту бағыттарын айқындайтын Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың дәстүрлі Жолдаулары екені белгілі. 2014 жылғы қаңтардағы Елбасының «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», атты Жолдауында жалпыұлттық идея – болашақ табыстардың негізі екені баса айтылды. Ал, ең бастысы Жолдауда – еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы жарияланды.

«Мәңгілік Ел» идеясы – елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы идея екені даусыз. Осы идеяда қамтылған стратегиялардың бағыттары дамыған 30 елдің қатарына кіруімізге жаңа серпін беретіні сөзсіз. Республикамыздың Президенті Н.Ә. Назарбаев «Мәңгілік Ел» идеясының мәні мен маңызын былай бағамдайды: «Мәңгілік Ел» – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. «Мәңгілік Елдің» іргетасын қаладық. Мен «Мәңгілік Ел» ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым», (На-

зарбаев, 2014). «Мәңгілік – Ел» идеясына жаңа серпін берген Президент Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылы 12-сәуірде «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» және 2018 жылы 21 сәуірде жарияланған «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалары. Біздің пікірімізше, «Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» идеялары- ұлттың рухын, адамның ізгілік қасиеттерін, елдің елдігін артыратын құндылықтарды біріктіретін халқымыздың бүгінгі бағыт міндеті.

Алашзиялыларының идеялары азаматтықтың биік үлгісі ретінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» идеясымен ұштасып қазақ елінің тарихи жадында қайта жаңғыру үстінде.

Ресей атты XX ғасырдың аса алып империясының Петербург, Мәскеу сынды орталықтарында жеңіске жеткен Қазан төңкерісі көп ұзамай барлық провинцияларға тарап, коммунистер билік басына келді. Бұл төңкеріс Ә. Бөкейхановтың, А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың және олардың саяси серіктерінің соңғы жылдары бар жан-тәнімен күш салып күрескен Алашорда автономиясын азамат соғысында қарудың қуатымен жоқ қылды.

Қазақ зиялылары Қазан идеяларын жат көріп, оны қабылдауға, жұртына оның «дұрыстығын» насихаттауға асықпады. Бұл тұс М. Дулатов үшін де жолайрық кез, барлық дүниетанымының, тәжірибесі мен ақыл-парасатының сынға түскен уақыты болды. Біреулер тұйыққа тіреліп, халық мүддесін қара басының қамына сатса, енді біреуі тез арада түрленіп «большевик» болып кетті. 1917 жылғы Қазаннан бергі уақытта жарық көрген М. Дулатовтың туындылары (Мадияр, 1918:263), оның терең толғанысын, зиялылар саяси ұстанымда жаңылыс тапса, ұлтына үлкен зиян келтіретіндігін сезінгендігін көруге болады. Сонымен бірге, ол қиыншылықтарға мойымады, ойының сергектігін танытып елін де ойландыратын, көп болып жол тандаудың қажеттігін жазды.

Алаш зиялылары Кеңес өкіметін еркінен тыс, амалсыз мойындауға мәжбүр болды. Бірақ, М. Дулатов тұрасында айтсақ – мойындау-мойынсұну емес, коммунистер билігін тану – өзінің өмір бойғы ұстанған көзқарастарынан бір мезетте айнып, халқының тағдырынан бас тарту емес еді. Билік басына қандай өкімет келмесін, халқына адал қызмет етуді мұрат тұтқан ол, жаңа жағдайға бейімделуге тиіс болды. Елдегі қалыптасқан саяси жағдай оған басқа жол таңдау мүмкіндігін қалдырмады.

1920 жылдың қыркүйек айында Омбыға келген М. Дулатов, ондағы Губерниялық

атқару комитетіне барып тіркелді (ҚРҰлттық Қауіпсіздік комитетінің архиві – бұдан әрі ҚРҰҚА124-қ, 1-т., 78754-іс, 105-п). Осы мезгілден бастап, М. Дулатов Кеңес өкіметі оған жүктеген қызметті өз дәрежесінде сапалы және жауапты атқаруға күш салды.

Алғашқы кезеңде Кеңес үкіметі ұлт зиялыларын оқу-ағарту және мәдени құрылыс жұмыстарына тартады. А. Байтұрсынов, М. Дулатов және тағы басқа ұлт зиялылары осы салаларда қызмет жасады.

М. Дулатов Кеңес үкіметіне деген өзінің көзқарасын, өткен өміріндегі ұстанған саяси позициясын толық жазып, Омбыда шығатын «Кедей сөзі» газетінің 1920 жылғы 7-қарашада шыққан санында «Октябрь төңкерісінің үшінші жылы», – деген айдармен мақаласын жариялады. Бұл оның Кеңес үкіметін жақтап жазған алғашқы мақаласы еді. “Осы кезге дейін істеген қызметімді санамас бұрын, мынаны айтқым келеді, менің ашыла, арыла сөйлеуім өзімнің ерік құқымнан туды, бұлай етуге мені ешкім итермелеп қорқытпады, өз ұятымның алдында дәл осылай есеп беруді жөн көрдім”, – дей келе М. Дулатов Кеңес үкіметіне дейін басынан ерік, қолынан билік кеткен халқының аянышты жағдайын күйзеліп егжей-тегжейлі баяндап, ойын былай тұжырымдайды: “Октябрь төңкерісінің өткен екі жылғы мейрамын біз мейрамдаған жоқ едік. Енді бүгінгі күн шын мейрам болды. Бүгінгі күн жер жүзінің еңбекшілеріне ұран шақырылған күн.

Бүгінгі күн “адалдық”, “теңдік”, “бостандық” туы көтерілген күн. Көп күндерді тарих ұмытар. Бірақ бүгінгі күнді Октябрь төңкерісін ұмытпас! Баянды болсын Октябрь төңкерісі! Көгерсін Күншығыстың елдері”! (Дулатов, 1920).

М. Дулатов Октябрь төңкерісіне байланысты айтқан ойларынан бар саналы ғұмырының елінің теңдігі үшін арнаған қайраткердің, енді Кеңес үкіметінің саясатымен есептесіп, сенім артқанын аңғарамыз. М. Дулатов өзінің айтқан ойларын шынайылығын енді іс жүзінде көрсетеді. Алғашында Омбыда бір-екі ай, Ақмола губерниялық халық ағарту бөлімінде және Сібір халық ағарту бөлімінде нұсқаушы-инструктор болып қызмет жасайды. 1920 жылы қарашадан М. Дулатов Ташкентке келіп, Түркістан Коммунистік партиясы мен Орталық Атқару Комитетінің органы «Ақ жол» газетінің жауапты хатшысы болып орналасады (The REMBU). Бұл уақытта қазақ зиялыларының бір тобы Қазақ АССР-нің астанасы Орынборда, енді бір тобы Түркістан АССР-нің астана-

сы Ташкентте жұмыс істеді. Бұның өзіндік саяси мәні бар еді. М. Дулатов бұл туралы және өзінің Ташкентке келіп қызметке орналасуы туралы: «Ташкентте мен өзімнен бұрын келген бірнеше азаматтарды кездестірдім, көпшілігі алашордашылардың өкілдері болды. Олардан мен Қазақстанға қарағанда, Түркістанда жұмыс істеудің жақсы екендігін, өйткені жергілікті мамандардың аздығынан сырттан келгендерді қызметке алатындығын білдім» (ҚРҰҚКА 124-қ, 4-т., 78754-іс. 106-п).

Негізі Кеңес үкіметі ұлт зиялыларын қызметке тартқанмен оларға жете көңіл бөлмеді, қызмет етуге еркіндік бермеді, керісінше партияға кірген бұрын басшы орындарда қызмет атқармаған, саяси сауаты төмен азаматтарды тартты. Бұл турасында М. Дулатов: «Қазақстанның орталығы Орынборда отаршылдық күшті, онда қазақ қызметкерлеріне қызмет етуге еркіндік бермейді, партияға бұрынғы шенеуніктер, тілмаштар, мансапқорлар көп кірген. Ол уақытта Қазақстанда партияға кірген әлгідей бұрынғы шенеуніктер, тілмаштар, мансапқорлар үкіметке, партияға жақсы көріну үшін рас болса да, өтірік болса да, Алашорда адамдарын жамандайтын, сондықтан Қазақстаннан қазақ қызметкерлерінің бір қатары Түркістанға келген, қалғандардың арасында мүмкіншілігі болса Түркістанға кетуді тілейтіндер көп болған, мұнда қалып одан кейінгі жылдарда да (Түркістан қазақтары Қазақстанға қосылғанша) болып тұрған», - дейді. Осы сәтті тиімді пайдаланып, Түркістан үкіметінің басында тұрған Т. Рысқұлов, С. Қожанұлы, И. Тоқтыбаев, Н. Төреқұлұлы сияқты қайраткерлер Қазақстаннан келген зиялыларды қызметке тартып орналастырған еді. М. Дулатов та Түркістанға келген зиялылардың қатарында 1920-жылы 7-желтоқсанда ашылған «Ақ жол» газетінің жауапты хатшысы болып кіріседі. «Ақ жолдың» редакторы С. Қожанұлы болды. Кеңес үкіметі тұсында М. Дулатовтың көп қызмет еткен баспасөз саласы болды. Бір М. Дулатов емес, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев басқа да ұлт зиялылары түрлі басылымдарда қызмет етті. Бұрын да баспасөз саласында қызмет жасаған зиялылар бұл іске мүдделілік танытты, екінші жағынан бұл олардан басқа баспасөз жұмысын алға қоятын мамандар жоқтығымен де байланысты болса керек.

«Ақ жол» газетінің бетінде М. Дулатов қазақ өлкесіндегі түбірлі өзгерістерді, жүріп жатқан саяси науқандарды жұртқа түсіндіріп, халықтың білім алуына жол ашылғанын дәріптеп мақалалар жазды. Тәжірибиесі шындалған журналист, пу-

блицист М. Дулатов бар талантын жаңа өмірді құру ісіне жұмсайды. Дегенмен, М. Дулатовтың қызметінде бұл жаңа белес оңай қалыптасқан жоқ. Егер біз М. Дулатов Кеңес үкіметінің Қазақстанда жүргізіп отырған саясатына көңілі толды деп ой тұжырымдасақ, қателесеміз. Өйткені М. Дулатов сынды «өз принциптеріне» берік, сөзіне, ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын, өз ұлтының тағдырын тереңінен ойлайтын, азаматтық қасиетін жете бағаламаған болар едік. М. Дулатов саяси әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге баға беруде, Кеңес құрылысын дәріптеп қана қоймай, қазаққа зиянды жақтарын да көрсетіп, өз ойын ашық білдіріп отырды.

Негізі Кеңес үкіметі ұлт зиялыларын қызметке тартқанымен, олардың біліміне, тәжірибиесіне, кез келген істі ұйымдастыра білетін іскерліктеріне сенімсіздік көрсетіп, кейде жете көңіл бөлмей, жұмыстарына ашық қысым көрсетіп, қызмет етуге еркіндік бермеді. Бұл құбылыс Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында қатты байқалды. Керісінше басшы орындарға саяси сауаты төмен жікшіл, атқамінер, жершіл азаматтарды тартты. Коммунистер билеген Кеңес үкіметіне озық ойлы, өз ұлтының тағдыры жөнінде негізді саликалы ой, ұсыныс балама пікір айтатын ұлт зиялылары жақпады. М. Дулатов мемлекеттік басқару және атқару орындарында осындай келеңсіз құбылыстардың жедел қарқын алуын алуын және ұлт мүддесінен өзінің жеке мүддесін жоғары қоятын шенқұмар, билікқұмар зиялылардың көптігі туралы өзінің пікірін ашық білдіріп, «Қазақ зиялылары» атты көлемді мақаласын жариялады: «Біздің қазақ-қырғыздың оқығандары санаулы. Партияда бары да, жоғы да бәрімізге белгілі. Бізден коммунистер шыға бастағанына әлі екі-үш жылдан асқан жоқ. Өзге жұрттағылар секілді біздің қазақта да өтірік коммунистер, партияны ластап жүргендердің арасында да шын жұртшыл, еңбекші тапқа жаны ашитын, Кеңес үкіметіне ынта көңілмен қызмет етіп жүргендер де жоқ емес. Олай болса, қазақ-қырғыз зиялыларын сөз қылғанда бұларды партияда бар, жоқ демей, жамыратып жіберіп тексеру керек. Шынын айтқанда, күні кеше бәріміз де ұлтшыл емес пе едік? Қазақ оқығандарының әуелгі тобы ұлтшылдар емес пе еді? Февраль төңкерісіне дейін Еуропаның саяси партиясына кірген қазақ болса, кәне айтсыншы! «Мен әлімсақтан бері коммунист едім... мен 1905 жылдан бері партияда едім» деушілердің ертегісі біздің құлағымызға кіріпте шықпайды. Ат сыры иесіне мәлім. Біз білмейтін

қазақтың сыры жоқ!” (Дулатов, 1921) – дей келе Міржақып Дулатов туған халқының қамын шын ойлайтын, елінің болашағы үшін қалтықсыз қызмет ететін азаматқа “көзбояушылыққа” салынып “коммунист” болудың қажеті шамалы екендігін, “коммунист” болғандардың көпшілігі кезінде халықтың үстінен күн көрген, паракор, патша өкіметінің тыңшысы болған, арсыз, намыссыз жандар екенін, әлі де болса халықтың қамы үшін ешнәрседен тайынбай жанын салып қызмет ететін бұрынғы “ұлтшыл” зиялылар екенін ашық жазып, ойын былай сабақтайды: “Енді бүгін Кеңес үкіметі дәуірлеп, коммунистер партиясы жолбасшылық етіп отыр екен; қазақ-қырғыз секілді езілген елдерге бостандық, теңдік күні туған екен; коммунист партиясынан жағымды партия жоқ екен; бұрын өзгелердің соңында жүргендер адасып жүрген екен; соның үшін бізге коммунист болу керек екен; бұған түсіндік, көзіміз жетті. Партияға кіргендеріміз де бар. Партияға кіргендер кірмегендерді шақырып та отыр. Бірақ бізге енді шешетін мәселе қайсы? Біздің қазір ортақшыл болып отырғандарымыз кімдер? Бұл сұрауларға берілетін жауап әркімге-ақ анық-ау деймін: бізден қазір шын коммунист болдым деп отырғандар (өтірік коммунистерді айтпаймын) кешегі ұлтшылдар. Мұнан кейін де шын коммунист болуға жарайтындар тағы да сол бұрынғы ұлтшылдар. Үшінші қазіргі жаңа талап жас буын. Әйтпесе, күні кеше ұлтшыл болуға жарамай өз басының қамын ойлап жылтыр түйме таққанына мәз болып, переводщик болып пара алып, пристав болып халықтың қанын сорып, болыс болып ел бүлдіріп, тыңшы болып шағым жүргізіп соғылғандар бүгін қолына қызыл ту алып, “коммунист” бола қалды екен деп кімнің іші елжірей қалады. Мұндайлар жоқ емес, құдайыңа шүкір бар. Әсіресе біздің Қазақстанда толып жатыр”, – дей келе партияға ары таза, жауапкершілікті сезіне білетін азаматтарды тарту қажеттігін, жалаң науқаншылдыққа ұрынбай: “Әуелі партияға кірушілердің көбеюін мақсат көруден бұрын аз да болса тазалық жағына көз салғандар екен дейміз. Шын таза, шын еңбекшіл, шын жұртшыл азаматтар партияға кірсе олардың соңынан жұрт та ереді. Олармен жолдас болудан кешегі ұлтшылдар да бүгінгі жаңа талап жастар да қашпайды”, – деп тұжырымдайды. Кеңес үкіметі “Қазақтың ескі оқығандары”, – деп жіктеген ұлт зиялыларының “ұлтшылдық” позициясы туралы М. Дулатов: “Біздің ұлтшылдарымыз қанша еді?” – деп қайрыла сұрақ қойып: “ Ш ы н ұлтшылдық өзі аз еді. Ұлтшыл еместердің көбі өзімшіл, дәрежеқұмар, парашыл, шағымшыл,

зорлықшыл еді. Ол заманды қазақ оқығандары неге ұлтшыл болды, неге өзге онды-солды Европаның саяси партияларына кірмеді. Бізді ұлтшыл қылған нәрсе, біздің кемдікте, қорлықта жүргеніміз. Көрінгеннен соққы жегеніміз еді. Егер теңгеруші табылады екен, ұлтшылдықты ортақшылдыққа айырбастауымыз қиын емес. Адамның алдымен адам сипаты болуы шарт. Өзінен басқаның тілегін тілей алмаған. Арын-иманын қарабасының пайдасы үшін қысқа күнде қырық сататын соғылғандардан қаны тамып тұрған ұлтшыл артық”, – деп ойын ашық тура айтқан М. Дулатовтың батылдығына сүйсінбеске шарамыз жоқ. Дегенмен, халқын қандай үкімет билесе де, дұрыс саясат жүргізуін талап еткен қайраткер өзінің ұсыныстарын нақты көрсетіп айтып өтеді. Ол: “Партиядағы жолдастар араларындағы арамзаларды аластап шығарсын. Түзу саясат жүргізіп, “қазақшылдықты” тастап, шын ортақшылдық жолындағы әуелгі өрнегімен жұрттың ықыласын өздеріне аударып алсын, қолынан іс келетін шын таза азаматтарға “ұлтшылдық” таңбасын басудан бұрын бұларды іске кірістіріп, сендіріп, соңына ертсін, шын бірлік сонда табылады.

Көбейсін ортақшылдар!

Көркейсін алаш армандарының бірлігі!” (ҚРҰҚКА 124-қ, 1-т., 78754-іс, 46-п) – деп келелі ой тастап мақаласын аяқтайды.

“Қазақ” газетінде қызмет атқарып, қаламы төселген журналист М. Дулатов “Ақ жол” газетінің беделінің өсуіне атсалысты. Газеттің алғашқы сандарында М. Дулатовтың мақалалары жиі басылды “Ақ жол” газетінде жарияланған мақалаларында М. Дулатов жаңа Кеңес өкіметі саясатының мәнін ашып, халыққа жол сілтеп, “осы біз қандай бағытпен кетіп бара жатырмыз”, – деген сауал қойып, “жаңа қоғамға бейімделу қажеттігін айтып қазақ халқына ең тиімді жол жерден айрылма, егін ек; отырықшы бол, егіншілікпен айналыс, сырттан келген келісімсіктерге жерімізді беріп, қол қусырып отырмайық, өз жерімізге иелік етейік”, (Дулатов, 1921) – деп үндеу айтады.

Бұл ойымызды М. Дулатовтың “Ақ жол” газетінің үш жылдық мерейтойына арнап жазған “Үш жыл” атты мақаласы айқындай түседі. Мақалада “Ақ жол” газетінің тарихи қиын кезеңде жарыққа шыққанын, “арқалаған жүгінің ауыр екенін, тап тартысы күшейіп тұрған кезде “Ақ жол” газетінің үш жыл басылып шығып, төртінші жылы шыққанын айтады. Одан әрі қайраткер ойын былай сабақтайды:

“Біз кім болсақ та дегенімізге жетуіміз үшін

алдымен мәдениетті болуымыз шарт. Қазақ-қырғыздың көпшілігі еңбекшіл екен, жүзге келмейтін ат төбеліндей байды да, манапты да, мырзаны да есепке қоспалық, 5 адам халық емес, 95 адам халық. 95 еңбекшілдің жолына әлгі бесеуін құрбан-ақ қылайық. Сонда қалатын тоқсан бесіміз надан болса, мәдениеті төмен болса, өз атының басын өзі алып жүре алар ма, адамшылық дәрежесіне жете алар ма, азаттық жолына жете алар ма?

- Жоқ. Оның бірі де болмайды. Надан қараңғы күнімізде біз бостандық жемісін жей алмаймыз, төңкеріс табыстарына ие бола алмаймыз. Олай болса, біздің алдымен көксейтініміз мәдениет. Мәдениетіміздің қаншама ілгері алға басқанын, иә кері кеткенін көрсетіп отыратын қатасыз өлшеуіштің бірі газет. Ерік те, елдік те, ерлік те, не тілектің бәрі де мәдениетті өркендету арқылы ғана табылады деп иман келтіру керек. Үміт осылай; бұл үміт босқа кетпесіне сенеміз” (Дулатов, 1923). М. Дулатовтың бұл айтқан ойлары мынадай тұжырымға жетелейді. Сонау 1909 жылдан бастап “Оян қазақ!”, – деп халқын оқу-білімге, мәдениетке шақырған ол, егер енді заман ағымына сай білімге, өнерге ұмтылмайтын болсақ, ұлттық, мәдениетімізді көтермейтін болсақ, өзге озық ұлттардың жетегінде тағы кетерсің... Сондықтан надан, қараңғы күйінді артқа тастап, өнерге, білімге, мәдениетке ұмтыл, деп ой тастап, өзінің қоғамдық-ағартушылық қызметінде басты принцип еткен ұранын басып айтқанын аңғарамыз. М. Дулатов бар күш-жігерін салып, баспасөздің беделін қаншалықты дәрежеге көтеруге атсалысқанымен, еңбегі өз дәрежесінде бағаланбады. Алаштан бас тартса да, ұлтшыл ретінде көз түрткі болудан, қудаланудан құтылмайды. М. Дулатовтың журналист ретінде еркін жұмыс істеуіне мүмкіндік бермейді. Осы мәселеге байланысты архив деректеріне тоқталуды жөн көрдік, М. Дулатов 1929 жылы 1-қаңтарда ОГПУ – тергеушілеріне берген жауабында “Ақ жол” газеті туралы өз ойын былай білдіреді “Ақ жол” газетінің бағыты және мазмұны туралы баспасөз беттерінде көп пікірталас жүрді. Бірақ оның бәрі менің қызмет еткен уақытыма сәйкес келмейді” (ҚРҰҚКА124-қ, 4-т., 78754-іс. 98-99-п). М. Дулатовтың “Ақ жол” газеті туралы бұл ойды айтуының негізі бар еді.

1925 жылы 29-мамырда И. Сталин Қазақ өлкелік партия Комитетінің бюросына өлкелік “Ақ жол” газетінің саяси бағытына байланысты хат жолдайды. И. Сталин хатында: “Жуырда менің “Ақ жол” газетімен танысуға мүмкіндігім болды”-деген бастапқы сөзімен-

ақ “халықтар көсемі” “Ақ жолда” жарияланған сыни мақалаларға талдау жасап және олардан алаштық интеллигенцияның қастық әрекетін көріп, түбірінен газетті жедел түрде қайта ұйымдастыруды, одан партияда жоқ интеллигенттерді қуып жіберуді міндет етіп тапсырады.

И. Сталин: «Мен партияда жоқ интеллигенттерді кеңес жұмысына тартуды барынша жақтаймын. Егінхалкомы, халық шаруашылық кеңесі, кооперация және басқа да шаруашылық органдар бұл адамдарды, олар біртіндеп кеңестендіре отырып, мейлінше пайдалануы тиіс. Мен сондай-ақ партияда жоқ интеллигенттерді қырғыз (қазақ) мәдениетін орнықтыру ісіне тартуды да жақтаймын. Қырғыз тілінде оқулықтар құрастыру, мәдениет саласында бұл адамдардың пайдаланылуы тиіс басты майдан. Бірақ та мен партияда жоқ интеллигенттердің саяси және идеологиялық майдандағы күрес ісіне жіберілуіне мүлде қарсымын. Мен партияда жоқ интеллигенттердің қырғыз жастарына саяси және идеологиялық тәрбие берумен айналысуына қарсымын. Біз өкіметті жастар тәрбиесін партияда жоқ буржуазиялық интеллигенттерге тапсыру үшін алғанымыз жоқ. Бұл майдан толығымен және түгелдей коммунистерге қалдырылуы керек. Онсыз Киргизияда (Қазақстанда) Шоқаевтардың жеңісі сөзсіз жүзеге асады (КРПА141-к, 1-т., 479 “А”-іс, 1-2-п.)» мәселеге қатысты шұғыл шара қолданылуы Қырғыз өлкелік Комитет бюросының барлық мүшелеріне тапсырылды.

Сталиннің хатында М. Шоқайдан басқа ешкімнің аты аталмаған, оның есімі төрт рет қайталанған. Дегенмен, көсемнің өршелене қарсы шыққан «партияда жоқ интеллигенттер» деген сөзі өзге қызметкерлерінен гөрі, алдымен М. Дулатовқа бағышталғандай.

Қайраткердің қызы Гүлнәр Дулатованың айтуына қарағанда, М. Дулатов коммунистік парияның қатарына кірмеген. И. Сталиннің тапсырмасынан кейін Қазөлкем басшылары да М. Дулатовты нұсқаған деп түсінген болуы керек. Олар М. Дулатовты бірінші кезекте газеттен жұмыстан шығарды. Бұрынғы Алашордашылардың саяси ықпалынан мүлде айырды, «коммунистендіру» мақсатында газет редакциясын Ташкенттен Шымкентке көшіріп, оны республикалық органнан Сырдария губерниялық органға айналдыру жөнінде қаулы шығарды (Қасқабасов, 1994:90). Редакторы, редакция алқасының құрамы түгелдей жаңартылды. М. Дулатов және басқа ұлт зиялылары қуылғаннан

кейін, газеттің беделі де төмендеп, таралымы 10 мыңнан 3 мыңға түсті (ҚРПА141-к, 1-т., 377-іс, 4-п). Көп ұзамай РКП (б) Қазақ өлкелік 5-конференциясында 1925 жылы Ф. Голощекин «Ақ жол» осыдан аз ғана бұрын антикоммунистік сипатта болып келсе, қазір өз бағытына түсіп, буржуазиялық-ұлтшылдық ауытқушылыққа жол бермейді. Әйтсе де, астарлы сөзбен, «Эзоп» тілінде жазуды қоймайды. Коммунистік газет әрқашан ашық жазу керек. «Біз Қазақстан баспасөзіне парияның берік басшылығын орнатамыз», – (ҚРПА141-к, 1-т., 28-іс, 17-п) деп М. Дулатов сынды ескі оқығандарға бұдан былай идеологиялық орындарға жол жоқ деген саясатын жүргізетінін білдірді.

Билік орындары тарапынан көрген қысымдарға қарамастан М. Дулатов бар талантын «Ақ жол» газетінің көркейуіне, халық арасында кең таралуына арнады. М. Дулатов «Ақ жол» газетінде 1920 жылдың қараша айынан бастап, 1921 жылдың мамыр айына дейін қызмет атқарады.

«Ақ жолдан» кейін М. Дулатов ұзақ уақыт бойы ешқандай баспасөз редакциясына алынбады. Бүкіл қазақ зиялыларының тағдырына кесірі тиген И. Сталиннің хаты М. Дулатовтың да қолына «қара билет» ұстатып кеткендей болды. «Ақ жолдың» бағытының өзгеруі, одан М. Дулатов сынды халық жанашырларының аласталуы қазақ ұлтының рухани өміріне соққы болып тиді. Еліне жүрек жарды сөзін жаятын мінбеден айырылуы М. Дулатовтың жеке басының трагедиясы да болғаны анық. Бұл оның онсызда қиыншылығы мол өмірінің ауыр белесі, азаматтығына сын еді. Алайда әлеуметтік-әділетсіздіктің жөнсіз қиянат пен сорақылықтың небір түрлері басынан өткен М. Дулатов бұл саяси қысымға мройынұсынған жоқ. М. Дулатовтың қызмет ауыстыруына тура келді. 1921 жылдың мамыр айында отбасы жағдайымен Семей қаласына келеді. 1921 жылы жаз айында Семей уезінде халық тергеушісі болып, осы жылдың күз айында Семей губерниялық Кеңес халық сотының орынбасары болып тағайындалады (ҚРҰҚКА, 124-к, 1-т., 78754-іс, 105-п.).

М. Дулатовтың осы қызметке орналасуын көрсететін 1921 жылы 8-желтоқсанда өткен Семей губерниялық халық сотының жалпы жиналысының көшірмесінен үзінді келтірейік: “Жолдас М. Дулатовты Кеңес халық сотының сот қызметкері қызметіне бүгінгі күннен бастап кірісуі туралы Губерниялық Халық сотының председателінің ұсынысы негізінде М. Дулатов жолдас бүгінгі күннен бастап Губерниялық

Халық сотының орынбасары болып тағайындалды. Губерниядағы қырғыздардың (қазақтардың) ісі барлық бөлімін меңгеру және губерния соттары мен тергеушілерге нұсқаушы болып бекітілді” (Мұхамедханов, 188-189) – деп шешім шығарады.

Семей уезінде тергеуші болып қызмет істеген М. Дулатов жұмыс бабына қарай елге жиі шығады. Ел ішіндегі даулы мәселелердің көптігі соншалықты тергеушілердің дамыл көрмей істеуіне тура келген, өйткені әділет іздеп анталаған халық демалуға мұрша бермеген. Бұл туралы М. Дулатов: “Осынша көптің жұмысы “закончлеп” бітіремін деген сот ауылда екі жыл жатса да бітетін емес. Ол кезде әлі қылмыс заңдар шықпаған, сот қызметкері істің ақ-қарасын “төңкерісшілдік арымен”, социалистік сана жолымен ғана айыратын шақ еді” (Дулатов, 1924) – деп айтуы дәлел. М. Дулатовты қазақ әйелдерінің тағдыры, ауыр тұрмысы көп ойландыратын. Әйел теңдігі мәселесін көтеріп, қазақ қызының бас еркіндігі жоқ екенін бейнелеп “Бақытсыз Жамал” атты роман жазғаны да мәлім. Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнығуымен әйел теңдігіне заң түрінде қол жеткізгенмен, бұл іске сүйекке сіңген қазақшылық әдет көп кедергі болған еді.

М. Дулатовқа өзінің бас еркіндігін әперуге кемеңгесуді сұраған қазақ қыздарының арызы жиі түскен. Бірақ іске келгенде қыздар ата-анасының ырқынан шыға алмай, арыздарын алып үнсіз кеткендері де болған. Өжеттілік танытып еркіндік алған қыздың тағдырын қазақ қыздарына үлгі етіп ой тастау мақсатымен оның “Еңбекші қазақ” газетінде “Сол қыздың атын ұмыттым” – деп аталатын мақаласы жарияланды. Онда: Төрт жыл ішінде сот істерінің дұрысталғанын, қазақ даласында кемшіліктер түзетілгенін айтып, бірақ әлі де болса, “ұлы мақсатты тілектердің бірі-әйел теңдігі әлі де көңілдегідей жүзеге асқан жоқ. Бұған себеп елдің сүйегіне сіңген ескі әдеттің әлі де күштілігі, әйел тобының көзі ашылып жетпеуі, бостандық қадірін анық білмеуі, ел ішіндегі соттардың салақтығы-олақтығы, тағы-тағылар. Қара басының бостандығын көксеген әйел жігерлі болса, қазақ ішіндегі соттар қатаң, қызметін біліп істеп жолдан таймайтын болса, өдет-ғұрып қанша күшті болғанмен жоғалмасқа шара жоқ (Дулатов, 1924)” – деп намысқа тиетін жігерлі сөздерімен ойын аяқтайды.

Сонымен М. Дулатов 1921-1922 жылдың мамыр айына дейін Кеңес халық сотында сот қызметкері қызметін атқарады. Жауапкершілігі ауыр сот қызметін қайраткер адал орындады..

Баспасөз беттерінде өзі куә болған қылмысты істерді, дау-жанжалдарды талдап, жастардың жаман әдеттен аулақ жүруін үндеп мақалалар жазды. Атап көрсетсек, “Халық соты”, “Сот қайтсе түзеледі”, “Ұрлық қайткенде тиылады?”, “Сол қыздың атын ұмыттым...”

“Ұрлық қайткенде тиылады?”,- атты мақаласында ол өзінің қолынан өткен қылмыстарға талдау жасап келіп, “Ұзын сөздің қысқасы, ұрлықты тыю үшін, бірінші жұрттың шаруашылығын көтеріп, еңбекке баулу керек, екінші сот қызметкерлерін тазартып, білімін молайтып, тұрмысын ондап, халық көзінде олардың беделін көтеру керек. Осы екі жолға түспесек, құр аттан салғанмен ұрлық тиылмайды” (Дулатов, 1924) – деп ой тұжырымдайды.

Бұл қызметі туралы М. Дулатов: “Асыра айтқандық емес, қысқа мерзімде менің белсенді және адал қызмет етуімнің арқасында сот мекемелерінің беделі көтерілді, әсіресе қазақ бөлімінің жұмысы алға басты. Мен қазақ бөлімін басқардым. Бұл сол уақытта Семейде қызмет атқарған жолдастардың бәріне аян” (ҚРҰҚКА, 124-қ., 1-т., 78754-іс, 105-п).

М. Дулатов халқын қандай өкімет билегеніне қарамастан, оның көркейген жарқын болашағын армандап, соның қамын тереңнен ойлап, сол жолда адал қызмет атқарған қайраткер. Кеңес өкіметі тұсында М. Дулатов, өзін әр қырынан танытты. Оқытушы, жазушы-публицист, аудармашы, журналист ретінде қыруар мәнді де, маңызды істер атқарды.

Қорытынды

М. Дулатов – қазақ ұлтының нағыз ұлтжанды патриоты, оның бүкіл саналы ғұмыры туған халқын өркениет биігіне көтеру мақсатындағы жалынды күреспен өтті. Ұлы арман жолында М. Дулатов өз ұстанымынан тайған жоқ.

М. Дулатов өзінің идеясының, ұстанған принциптерінің өміршеңдігіне күмәнсіз сеніп өмірден өтті. ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында ол туған елінің бостандығы үшін өзінің еткен еңбегін саралай келіп, ойын былай тұжырымдайды: “Өзім өскен ортадан шыққан, өзім алған білімді сіңірген бір адам үшін бұл аз шаруа деп санамаймын. Көп те емес болар. Әйтсе де, бар міндетімді осымен біттіге санап қол қусырар жайым жоқ. Ғұмыр болса, дәм жазса – ұлтымның келешегі үшін күш-жігерімді аямай еңбектене беруге борыштымын. Адам халқыммен бірге адастым, сәулесі жарық жолға ұмтылсам – ұлтыммен қосыла ұмтылып бағамын” (ҚРҰҚКА, 141-қ., 1-т., 28-іс, 17-п.).

Алаш идеясы – ұлт өмірімен мәңгі бірге жасайтын өміршең ұлттық идея екені даусыз.

Тарихтың өзі М. Дулатов идеяларының өмірлік негізі күшті екендігін айқындап берді. М. Дулатовтың арман-тілегінің орындалғанына бүгінде тарих куә, ол халқының азаттық алғанын көре алмаса да, оның күні туатынына сенімі күшті еді. Алаш зиялыларының қайраткерлік тұлғалары осы тұтастығымен, өздерінің ерік-жігерін, күшін халық ісіне сарқа жұмсауымен ерекшеленеді. Міржақып Дулатовтың есімі қазақ халқының жадында мәңгі сақталады.

Әдебиеттер

- Дулатов М. (1920). Октябрь төңкерісінің үшінші жылы. Кедей сөзі. 7-қараша.
 Дулатов М. (1921). Қазақ зиялылары. Ақ жол. 5-мамыр.
 Дулатов М. (1921). Еңбекшілер автономиясы. Ақ жол. 29- наурыз.
 Дулатов М. (1923). Үш жыл. Ақжол. 7-желтоқсан.
 Дулатов М. (1924). Сол қыздың атын ұмыттым. Еңбекші қазақ. №294.
 Дулатов М. (1924). Сол қыздың атын ұмыттым. Еңбекші қазақ. №294.
 Дулатов М. (1924). Ұрлық қайтсе тиылады. Ақ жол. 13 қараша.
 Қасқабасов С. (1994). «Ақ жол» туралы үш құжат. Ақиқат. №1. 90 б.
 Мадияр. Мемлекет халі (1918). Қазақ. №248.
 «Құрметті оқушылар». Қазақ. (1918). №263
 Қайтсек жұрт боламыз. (1918). Қазақ. №264.
 Қазақ халқының дұшпандары. (1918). Бірлік туы. №24.
 Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері. Семей облыстық мемлекеттік архиві (СОМА). 226-қ., 110-іс, 1- т, 5-6 п.
 Назарбаев Н.Ә. (2014). «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». Егемен Қазақстан. 17 қаңтар.
 ҚР Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің архиві – бұдан әрі ҚРҰҚА124-қ., 1-т., 78754-іс, 105-п.
 ҚРҰҚКА. 124-қ., 1-т., 78754-іс, 104-п.
 ҚРҰҚКА. 124-қ., 4-т., 78754-іс. 106-п.

ҚРҰҚКА. 124-к, 1-т., 78754-іс, 46-п.
ҚРҰҚКА. 124-к, 4-т., 78754-іс. 98-99-п.
ҚРҰҚКА. 124-к, 1-т., 78754-іс, 105-п.
ҚРҰҚКА. 124-к., 1-т., 78754-іс, 105-п.
ҚР Президенттік Архиві – бұдан әрі ҚРПА. 141-к, 1-т., 479 «А» -іс, 1-2-п.
ҚРПА. 141-к, 1-т., 377-іс, 4-п.
ҚРПА. 141-к, 1-т., 28-іс, 17-п.

References

- Dulatov M. (1920) Oktyabr tonkerisinin ushinshi zhyly [The third year of the October Revolution]. Chechen word. November 7.
- Dulatov M. (1921) Qaqaz ziyalylary [Kazakh Intelligentsia]. White Road. May 5.
- Dulatov M. (1921) Enbekshiler avtonomiyasy [Autonomy of Workers]. White Road. March 29.
- Dulatov M. (1923) Ush zhyl [Three years]. Akzhol. December 7.
- Dulatov M. (1924) Sol kyzdyn atyn umyttym [I forgot that girl's name]. The Kazakhman.
- Dulatov M. (1924) Urlyk qaitse tyiylady [The thief will be shattered once]. The white line. November 13.
- Kaskabasov S. (1994) «Aq zho» turaly ush kuzhat [Three documents about the «white road»]. Truth. №1. 90 p.
- Madiyar. (1918) Memleket khali [State of the state]. Kazakh. №248.
- «Dear Students». (1918) Kazakh. №263.
- Let's get back. (1918) Kazakh. №264.
- The enemies of the Kazakh people. Unity flag. №24.
- Mukhamedkhanov K. Abai muragerleri [Abai's heirs]. 188-189, Semipalatinsk state archive (SOMA). 226th, 110th case, 1- t, 5-6 p.
- Nazarbayev N.A. (2014) «Qazaqstan zholy 2050: Bir maqsat, bir mudde, bir ,olashak» [«Kazakhstan's way – 2050: common goal, common interests, common future»]. True Kazakhstan.
- Pursuant to the Rules of Procedure of the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan, article 124, paragraph 1, article 78754.
- Pursuant to Article 104, paragraph 1, Article 78754 of the RoK Constitution.
- RADRF. 124th, 4th Art. 78754. Page 106
- The REMOTE. Article 124, paragraph 1, article 78754, Article 46
- RREPA. 124th, 4th Art. 78754. 98-99
- The REMBU. Article 124, paragraph 1, article 78754, Article 105
- The RNIMP. Article 124, paragraph 1, article 78754, Article 105
- The RoK Constitution, Article 141, paragraph 1, Article 479, Article 1-2.
- The RoK Constitution, article 141, item 1, article 377, item 4
- The RoK Constitution, article 141, para. 1, para. 28, Article 17.